

## Өткен өмірден тәбәрік

Қос өзен - Жалпақтал- ата – баба жайлаған жер  
Тұлпар шауып, қыран құсы самғаған жер  
Туған жер неткен ғажап, неткен сұлу!  
Қарауға адам көзі тоймаған жер

Халық поэзиясы

Жалпақтал өңірі халқының жайма-шуақ мінезі, жылы алақаны, шеттен келгендерді бауырына басып мәпелейтін бауырмалдығы, ұлттық дәстүрге толы салты мен әдет-ғұрпы, жаңалыққа, жаңғыруға бейімділігі, оған қоса кең-байтақ жайлауы, өрісі, көлбеп жатқан Қараөзен, Сарыөзені, Әсем көлдері мен жан-жануарға пана болатын тоғайлары адамға рух, еренді еңбек етуіне, кемелді тұрмыс шегуге барынша жайлы да, қолайлы мекен.

Жалпақтал – Қараөзен мен Сарыөзеннің аймағы туралы бұрын-соңды мәліметтерді орыс әдебиетшілері, тарихшылары Никита Савичев пен В.Г.Корольенконың кітаптарында баяндалған. Ондағы деректермен оқиғалар осыдан ғасыр жарым бұрынғы уақытты қамтиды.

В.Корольенко: " Бұл жерде (Қараөзен бойы) жер – су халықтың ортақ меншігі жекеленбеген, көшпенділер- соның ішінде қазақтар да бар емін еркін көшіп – қонып, табиғат байлығын мал шаруашылығының мүддесіне пайдаланған" десе, Никита Савичев ( 1868 ж) “ Сламихин Хуторының табиғаты бай- бұнда мал шаруашылығы мен қатар сауда – саттық жақсы дамыған, өзен бойында бау – бақша, алма – ағаштары бар, ерте ме, кеш пе бұл елді - мекеннің жақсы болашағы болмақ”- деп атап көрсеткен.

Археологтар Қос өзен аймағынан қалашықтар тауып бұнда Алтын Орда атты алып мемлекеттің де, ізі бар екенін сипаттап,- жазды.

XX – ғасырда өмір сүрген орыстың белгілі географы Н.И.Надеждин: “ Топономика дегеніміз жердің тілі, ал жер дегеніміз – географиялық атаулар арқылы адамзаттың тарихы жазылатын кітап” деген болатын. Мұны басқа ғалымдарда қуаттайды. Оларды толғандырып келген шығу тарихы қазірдің өзінде-де адамдарды ойландыра түсуде. Өйткені мұны әркім әртүрліше, кейбіреулер аңыз ізімен айтып келеді. Сондықтан осы мәселені жан- жақты зерттеп жер, су елді мекеннің тарихын мәнін ашуға тырыстық. Әрине бұл жерде

әркімнің де өзі туып өскен жері туралы мағұлматты көбірек естіп, жетік білуге ұмтылады.

Ал Жер – су мекен аттары осы маңда ертеден, қыпшақтардың болғандығын дәлелдейді. Қос өзен өңірі асыл тұқымды Еділбай қойы мен Қазақ жылқысының отаны. Бұл күрең, жасыл далаға келіп басұрған - өшпес із қалдыған тағдыры дала тұрғындарын жылатқан да , жұбатқан да , аялаған да Жалпақтал ұранды мекен: әннің, күмбірлеген күй мен жырдың, арпалысқан сайыстың бесігі, сарқылмас бұлағы.

\*\*\*\*

Қос өзен : Қараөзен, Сарыөзен – Еділ , Жайық аралығы. Екі су алқабында қатарласып орналасқан . Ара – қашықтығы 50 – 60 , кей тұста 10 – 15 шақырым мөлшерінде.



Қараөзен өзен арнасы



Қараөзеннің арғы бетіне

паром арқылы қатынау 1887 ж

Қараөзен бастауы сырттан да , Сарыөзен бастауы Ершов – Саратов облысының (РФ) жерінен. Қараөзеннің ұзындығы – 650 шақырым, Қазақстан жерінде 232 шақырым.

Ал Сарыөзеннің ұзындығы 638 шақырым, Қазақстан жеріндегі көлемі 201 шақырым.

Қараөзен , Сарыөзен , Қамыс Самар көлдеріне құяды, ертеректе Каспий теңізіне дейін ағысы жеткен.

Өзендердің Қара, Сары деп сипаттама алуында да мән бар. Шынында да Қараөзеннің суының түрі ( бояуы ) қаралтым да, Сарыөзеннің суының түрі

(бояуы) сарғыш – бұның себебі арна табанындағы топырағына (сазына) тікелей байланысты. Үлкен, Кіші деп аталуында да біраз сыр бар. Қараөзен суының молдығы, тереңдігі, арнасының кеңдігі жөнінен Сарыөзеннен асып түседі. Ертеректе аталмыш өзендердің жағалауындағы ну алқап ну орманға ұласқан. Сондықтан болса керек – Қараөзен алқабын қазақтар “Жалпақтал” деп атаған. Жалпы ағаш – орманды – “Тал” деп атаған (көбінде ағаш егуді тал шаншу, тал өсіру, талды жер делінеді).

Кең дала, оның басты қасиеттілігі су. Қос Өзен даланы суарады. Дала адам тіршілігіне қызмет етеді. Алқап малға толады. Тұрмыс артады. Далалық Қос Өзенді қорғау, суын сарқылтпай – экологиялық тазалығын сақтау жалпы халықтық міндет, келер ұрпақтың алдындағы басты парызы. Кезінде бұл өңірдің мал – жанға жайлы екенін Асан Қайғы бабамыз:

Қосөзен арысы жайлы мекен  
Суы мол қамысы таудай екен  
Құлыны тайдай екен  
Тайы айғырдай екен  
Жеті жыл қатарынан, Жұт болса да  
Тұйақты мал қалса  
Көбейіп қатары,Қайтадан толады екен.

-деп, жырға қосқан. Жалпақталдан 8 шақырым жерде “Ақкөл” деген су қоймасы (көл) бар. Бұл айдыңға жазғы тұрым Төрткөл жайлауы арқылы Сарыөзен, Қараөзен суы құйылады.



Сламихин тұрғындары,



Сакрыл көлі (Ақкөл)

Сакрыл көлінде серуендеуде 1906 ж

Аңыздарға жүгінсек ертеде Ақкөл деген бай болыпты соның жылқысы осы көлді жағалай қаптап, жайылып жусайды екен. Көл сондықтан Ақкөл аталыпты деседі. Бір деректерде осы көлге Махамбет Өтемісұлы кезігіп “Ақтеңіз” деп атаса, орыстар мұны “Сакрыл” деп атапты. Біздің түсінігіміз бойынша “Саки рыли” деген мағына береді.

Баласы тұрмаған қазақтар “Атадан мал қалмасада, тал қалсын, атымыз өшпесін” деп туып- өскен жайлаған жеріне терек егіп қалдырғаны мәлім. Мысалы: Жалпақтал төңірегіне жақын маңдағы Бейіс терегі, Камал терегі, Едіге терегі атты бұрынғы елді – мекендердің орны осының куәсі. Сондай Новая Казанькадан – Төрт пішен арқылы Алғайға тартылған жолды Ромат деген кісі өгіз сабанымен жыртып салдырған екен. Сол жол Ромат жолы атанған. Бірсыпыра жер – су аттары географиялық мағұлмат береді. Мысалы: Жалпақтал ауылының маңында кездесетін Бесоба, Қособа, Ащықұдық, Тұщықұдық, Теренқұдық, Талдықұдық, Шымқұдық, Сарықұдық, Теренөзен тағы басқада атауларын естігенде – ақ , сол жердің табиғи ерекшелігін топшалағандай боламыз. Сол сияқты төңірегімізде Қарасу деген жерлер көп кездеседі . Бұл қар суы мен толатын қолтабандарға берілген ат . Сол жерлерге әлі де қар, жаңбыр сулары көп жиналады.

Таловканың атауы да осыған ұқсас. Қар , жаңбыр суынан жиналатын қарасуды орысша “Таловая вода” атаған. 1815 жылы іргесі қаланған кәзіргі Казталов ауданының орталығы 1820 жылы “Таловая” 1832 жылдан “ Таловский” , кейінде “Қазақ таловкасы” ал қазіргі уақытта “ Казталов” делініп келеді.

Қос Өзен өңірінің XVIII соңғы ширегінде қазақтар мекендеген “ Құрман”, “Қайрөш”, “Ахметжан”, “Елжанбай” , “ Байтұрған”, “Байжиен”, “ Кішкене шал” тағы басқа да жағалай қонған елді мекендердің, коныс тепкен жерлерінің аттары таза қазақша картада осылай көрсетілген. Сөзіміз жалаң болмас үшін – тарихи дәлелдемелерге жүгінейік. Қазақтың асыл тұқымды қой малы “Еділбай қойы”. Оны XVIII ғасырда Хиуадан қошқар әкеліп Қазақ саулығымен будандастырып – қысқа төзімді, етті, құйрықты, салмақты қойды дүниеге келтірген адамның есімі Жантәліұлы Жүніс Еділбай тегі, Байбақты, оның

ұрпақтары өздерін Байбақтының Еділбайымыз дейді. Еділбай қойының отаны Жалпақтал – Қос Өзен жерін мекендеген адамдардың есімімен аталса керек.

Ал “Порт- Артур” елді мекенінің қалай пайда болғаны жұмбақ. Кейбіреулердің айтуынша “Қиыр Шығыстағы, Порт – Артурдан жазалы болып жер ауған орыс азаматы осы жерден үй салып екі – үш жыл тұрыпты десе, қайсыбіреулер 1904-1905 жылдары Орыс – Жапон соғысында, Порт- Артур қаласында қолға түскен тұтқындар осы жерге әкелініпті. Порт – Артур деп содан аталыпты” дейді. Мұның қайсысы шындық екенін айту қиын. Ал бұл елді - мекеннің кейіннен “Красный Партизан” 1919 жылы В.И.Чапаевтің екпінді тобының Сламихин жорығы алдында сол өңірде түнеп аттануына байланысты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, байырғы атауы «Ақпәтер» аты кері берілді.

Бұл келтірілген тарихи дәлелдемелерге сүйінетін болсақ Қараөзен, Сарыөзен алқабы қазақтардың XVII – XVIII ғасырдағы мекені болғандығы жөніндегі бір дәлелдеме: Жалпақтал өңіріндегі Ақкөл айдыны ( Сакрыль ) төңірегінде “Ақмырза” Мазары бар. Ол зерттелмеген. Жуырда аталмыш мазардың маңынан зор айбалта табылды. Ол қазір Ақпәтер ауылдық мұражайында сақтаулы. Бұл жер – су үшін талай қырғын соғыстың болғанын сипаттайтын нәрсе.

\*\*\*\*

Аталмыш өзендер алқабы көне заманнан адамдар тіршілігіне қызмет еткен. Археолог – тарихшылар бұл маңнан көне қалашықтардың, Алтын Орда жұртының тіршілігін сипаттайтын жәдігерлер тапты.

Қараөзен, Сарыөзен алқабында археологиялық зерттеу жұмысының нәтижесінде екі қалашық орны табылды: “Өзен” “Жалпақтал” , бұлар қос өзеннің қосылысы- Қарасу – Төртпішен маңында орналасқан. “Жалпақтал” “Өзен” қалашықтары XIII – XV ғасырларға жатады, аумағы өте үлкен – 60 гектардай. Бұл қалашықтар Үлкен және Кіші өзендердің алқабында орналасуы – бұл жердің отырықшы мәдениетінің қалыптасуына, табиғи байлығы тіршілік үшін қолайлы, тиімді болғандығын ыспаттайды. Зерттеу жұмыстары жалғастыруда .

XIV-XVI ғасырларда Қос Өзен өңірі Ноғай Хандығының иелігінде болды. Бұл

маңының тұрғындарының арғы - тегі-Қыпашықтар.Қазақ пен Ноғай біртектес тайпалар хақында Алшын қауымдастығынан құрады.

XV ғасырда жаңа этнобірлестік пайда болды - ол қазақ жұрты-арғы тегі көне түрік ,қыпшақ,қазақ хандары қарсыластарын ығыстырып, Еділ мен Жайық аралығын қазіргі Батыс Қазақстанда табан тіреп тұтас Қазақ Хандығын қалыптастырғаны тарихтан белгілі.

XVIII(екінші жартысында ) ғасырда Қосөзен -Жалпақтал өңірінің негізгі тұрғындары -Алшындар -Ноғайлармен Қазақтардың қауымдастығы болды."XIX ғасырдың 20-50 жылдары қазақтар Қараөзен мен Сарыөзен алқабында отаршылыққа көшіп 30-жыл ішінде Қамыс- Самарда 30, Қара өзен аңғарында 15 жер үй тұрғызды " деп көрсеткен Салық Зиманов өзінің "Россия и Букеевское ханство" кітабында.

Қазақ тарихының белгілі білгірі Мұхаметжан Тынышбаевтың пайымдауынша "Алшындардың көпшілігі ,атап айтқанда, Беріштер, Адайлар, Алашалар, Тамалар,Таналар" тағы басқада рулар, 1300 жылы Еділ мен Жайық өзендерінің төменгі ағысы далалығына келіп - өздерінің "Қазақ " "Ноғай" атауының иесі екендігін - яғни Ноғай хандығының қол астындамыз деп жариялаған.

Ата-бабаларымыз Қосөзен аралығына қоныстануға келгенде ру -ру болып орналасқан, мұның түпкі тамыры қазақтың этно - мәдени жүйесінің ерекшелігінде жатыр.Қазақтың тұрмыстық- әлеуметік, тіпті жеке басының қалыптасуы рулық қауым аясында өткен.

Көңіл аударарлық жәйт - осыдан екі-үш ғасыр бұрын қоныстанған рулардың қазіргі ұрпақтары күні осы кезге дейін сол ата-бабларының бас тіреп -тұрмыс шеккен жерлерінде тұрақтап өмір шегуде . Мысалы:Қарасу ауылы тұрғындарының басым көпшілігі -Алаша руына жататындар.

Бостандық пен Ащысайда байбақтылар -қырықтықтар . Көктеректің тұрғындарының көпшілігі -Қызылқұрт руы ұрпақтары. Жаңажол ауылының байырғы адамдарының арғы -тегі Байбақтының Әлтекесі , ал Айғанша, Таңат жағында мекендегендер - Еділбайлықтар. Талдыапаның басым көпшілігі – Шеркештер Қараөзен ауылының рулық құрамында басым көпшілігі алаша,

элтеке сынды байбақты руларының ұрпақтары .

Бірқатар мекендердің ру атымен аталуы сол өңірде рулардың топтасып қоныстанғанын аңғартады. Мысалы: Тоқсаба , Таз, Назар тағы басқада елді - мекендердің атауы сөзіміздің нақты дәлелі.

Тағы бір айта кететін жәйт , халқымыз әйелді қадірлеген бір рулы елді -бір әйел, ақылды ана билегені жөнінде деректер көп. Жалпақтал өңіріндегі Жібек, Айғанша, Айман, Сегізқыз бөгеті сияқты есімдер бұған дәлел.

Көршілес Жаңақала ауданында (бұрынғы Фурманов ауданы ) Айтпай дейтін мекен бар . Аңызға қарағанда бір жолаушы боранда адасып жалғыз қыстауға тап келеді, есік қағады . Үй иесі "Кімсің " дейді, жолаушы "Айтпаймын " дейді. Үй иесі айтпасаң обалың өзіңе, кіргізбеймін депті . Сол жолаушы , сол жерде боранға ұшып үсіп өледі.Елді-мекенің аты осы кезге дейін Айтпай . Осы сияқты Қалмақ, Қырғын, Қанішкен деген жерлердің де осылай айтылуы сондай бір елеулі оқиғаға байланысты.

Сарыөзен алқабы (қазіргі Көтерек жері ) Ұлы күйші Құрманғазының тегі - Қызылқұрт руының мекені . Кезінде ауыл тарихын зерттеуші ұстаз Жүнісов Темеш баспасөзде көлемді мақала жариялаған . Құрманғазының бұл төңіректе болғанын және атақты сазгердің ата-мекені Көтерек жері екендігін дәлелдеді .

Қараөзенің оң жағасында орналасқан "Айғанша " елді-мекені Құрманғазының жігіт шағында көңіл қосқан ғашығы ,бірақ өмір тәлкегіне ұшыраған Айғанша арудың есімімен аталғандығы халық жадында сақталған аңыз бар .

Жаугершілік қазақтың қай атасына да соқпай кетпейді. Жорықта жүрген қолбасшы жігітін қоржынында негізгі қорегі қой сүтінен жасалған қызыл құртты азық етіп шөлін басатын болған. Соның төңірегіндегілер қолбасшыны "Қызылқұрт" деп атаған.

Құрманғазының үйінің орыны Көтеректің батыс шетіндегі (Сарыөзенің сол жағында 100 метір) "Құрманғазы тапауы" деп аталады. Елді-мекенің "Көтерек" аталуында да сыр бар: Бұл маңда жалғыз терек, құдық басында зәулім болып өсуіне қамқорлық жасағандар -оны қасиетті деп бағалаған - Құрманғазы осы теректің түбіне қонып - атын теректің бұтағына байлапты

деушілер бар.

\*\*\*\*

Кіші жүз қазақтары Әбілхайыр ханның бастауымен орыс билігінің астына енгеннен кейін Жайықтың оң жағына қазақтарға өтуге 1756 жылы орыс патшасының тыйым салу жөніндегі жарлығы болды.

Бөкей Сұлтан әдейі мамандығы бар адамдарды Жайықтың оң жағына Нарын құмы, Қос өзен (Қараөзен, Сарыөзен) алқабына жіберіп зерттеулер жүргізіп жер, суды картаға түсіріп кейіннен Патшаға Еділ - Жайық аралығына көшіп тұрақты қоныс етуге рұқсат сұрады.

1801 жылы І Павел 11 наурыз күні жарлыққа қол қойды, сол кеште қазақтарға Еділ - Жайық аралығын қоныстануға рұқсат еткен І Павел - сарай төңкерісінің құрбаны болды. Оның орнын басқан ұлы І Александр әкесінің қазақтарға рұқсат еткен жердің шекарасын межелеуде бет бұрыс жасап Қос өзен аңғарын, Орал казак - орыстары өз бетімен - ешбір келісімсіз басып алып - меншіктенуіне жол ашты. Кейіннен олардың қоныстанған тұрақтарын әскери бекініске айналдырды. Қараөзеннің жоғарғы ағысында Шортанды - Новоузенск, Алмалы - Александров Гай, орта ағысында Жалпақтал - Сламихин, төменгі ағынында Маштексай - Глинск әскери бекіністері болып шыға келді. Жерді меншіктеніп қыстақ салу ширек ғасыр өткен соң – Жәңгір хан билігі тұсында басталды.

Жәңгір таққа отырысымен қазақ пен орыс таласып жүрген Қос өзен (Қара, Сары) мәселесін қолға алып патша билігінің қарап шешуіне тыңғылықты кірісті.

Қараөзен бойынан қала салмақ болды. Бұл туралы Жәңгірдің өзі де айтып, Ресейдің: "Казанский вестник" 1826 жылы "Жақын арада Үлкен өзен бойында ханға арнап кірпіш үй салынады, сөйтіп ол Европа салтымен тұрмақ" деп жазды. Алайда патша Үлкен өзен (Қараөзен) бойына әскери бекініс (кордон) тұрғызды.

\*\*\*\*

Жоғарыда айтқанымыздай Жалпақтал өңірінде (Қосөзен алыбында) Кіші жүз қазақтары XVIII ғасырдың екінші жартысында, яғни Бөкей ордасының



іргесі қаланбастан 20 - 30 жыл бұрын келді, Бірақ мал артынан еріп - тұрақтамай - қала салып табан тіремей көшіп - қонып тұрмыс кешті. Бұны Жайық казак - орыстары өз мүддесіне пайдаланып - өз беттерімен рұқсатсыз Қараөзен бойына үй тұрғызып, қазақтан мал бағу ісін үйреніп, азын - аулақ еңбегіне ақы төлеп - дәулетін құрды.

Солардың ең алғашқысы Сламихин Филлип Яковлевич. Ол 1817 жылы Жайық бойынан Қараөзенге көшіп келді, қыстау салды. Шаруа - шаруалады, қазақтардан мал алып оларға ақы беріп бақтырды. Тез уақытта ауқаттылық дәрежеге жетті. Шағын отбасы: өзі, әйелі, қызы үшеуі де еңбек етіп жергілікті қазақтармен араласып - тамыр - таныстық жағдайда тұрмыс күйттеді. 1837 жылы Филлип Сламихиннің қызы Лизаны айттыруға Январцев хуторынан 19 жастағы жас жігіт Яков Овчинников жолға шығып - Қараөзен қайдасың деп сапар шекті. Орал қаласы арқылы Бударин тағы басқада кішігірім елді - мекендерді аралап, ұшы- қиыры жоқ маң далада мал бағып жүрген қазақтарға тоқтап - жөн, жол сұрап 4 күн бойы салт - атпен жүріп бесінші күні кешкісін Қараөзен жағасындағы жалғыз үй - Сламихиндерге бас тіреді.

Жол азабына шалдықпаған, бойлы, келбетті жас жігіттің жүрісінің жай еместігін сезген Сламихиндер оны жақсы қабылдады. Үй иесі Филлип Сламихин қонақты сұрақ астына алды. Біріншіден - қазақша түсінесіңбе, сөйлей білесіңбе деп бастады. Оның "білемін , түсінемін" дегеніне риза болып, өзі жөнінде, мен мында келіп ат тірегеніме 20 жылдан астам уақыт өтті, қазақтармен тіл таптым, олар маған мал бағуды үйретті мен оларға егін - егіп, балық аулап, сауда жасауды үйреттім. Қазақ мал өсірудің шебері - олар малды қысы - жазы аспан астында ұстайды, төлді тек көктем туа көк шөпке ауыз тигізуге дүниеге келтіру арқылы мал басын көбейту әдісін қолданады.

Осылай болашақ күйеу баласымен, болашақ атасы таза қазақша сөйлесіп талай тұрмыс тауқыметіне байланысты әңгіме қозғады. Сламихин Қараөзеннің табиғи байлығын, балықтың көптігін, қамысты, талда шошқа - қабан ұялайтынын, қырда құлан, ақбөкеннің кездесетінін, әрбір 10 - 15 шақырым сайын жер жағдайына байланысты аты - жөнінде сипаттап тағы басқа да

жайттарды айтып берді.

Сол 1837 жылы Қараөзен жағасында - Жалпақтал өңірінде екінші үй тұрғызылды. Оның иесі Филлиптің інісі Андрей Сламихин еді. 1839 жылы күйеу баласы Яковте үй салып атасынан бөлініп шығып, шаруаны екі жыл ішінде реттеп тік тұрғызды.

Яков Овчиников туысынан шаруаға мығым - ақша табуды - саудадан бастап түскен қаржыға қазақтардан мал сатып алды. Қазақ халқының әдет - ғұрпы мен салтына жете үңіліп- қазақтар мен жақсы қарым - қатынасты орнатты. Оларға қарызға немесе кепілге тұрмысқа қажет бұйымдар берді. Сөйтіп олардың сеніміне ие болды. Он жылда оның ақшалай табысы 50 мың ассигнацияға жетті.

1854 жылы Яков пен Лизаның екінші ұлы Петр дүниеге келді. Ал бірінші Автоном 14 жасқа толып, ата - анасына қолғабыс беруге жарап қалды.



Автоном Яковлевич  
Овчинников 1896 ж




Петр Яковлевич және жұбайы Лида Павловна,  
Қыздары, жиендерімен бірге 1900 ж



Петр Яковлевич Овчиников  
1901 ж

Яковтың балалары Автоном мен Петрді дала қазақ ортасы тәрбиеледі. Даланың иесі қазақтармен қоян - қолтық өмір сүріп табыс тапты, байыды. Алпыс жасында қайын атасы Филлип қайтыс болды - оның мұрасына Яков ие болды. Бұрын ел - жұрт Сламихиндердің ықпалын, беделін құрметтесе, енді Овчинниковтер әулетіне мойын бұру кезеңі басталды.



Овчинниковтардың қызыл кірпіштен салған негізгі үйі. 1904 ж

1870 жылдардан бастап, Жайық бойынан Қараөзен - Жалпақтал өңіріне Карповтар, Калпаковтар, Егоровтар, Масьяновтар және тағы басқа да орыс - казактары көшіп келіп қоныстанды. Міне олардың қатары көбейген сайын қазақтар мен келімсектер арасында жер - су дауы басталды, жалғасты.

1885 жылғы санақ бойынша Сламихин станицасында әр шарбаққа 30,6 бас жылқы, 26,6 бас ірі қара, 419 бас қойдан келді.

1885 жылы Сламихин станицасында есепте тұрған 1103 адамның 85% орыс, 6,8% татар, 6,3% қазақ, 1% қалмақ болды. XX ғасырдың басында Сламихин станицасында тұрғындар саны 2863 адам, оның 1258- і орыс - казактары, 1575- і қазақтар мен басқалар.

Осы жылдары, жыл сайын қыркүйек айында Жалпақтал базары (Сламихин жәрменкесі) орыс, қазақ, татарлар сауда жасайтын орталығы болған. Қоныстана бастаған қазақтардың малы, мал терілері, қой - түйе жүндері көп болды. Мұны Қазан, Орал татарлары келіп алып тұрған. 1898 жылы Сламихин жәрменкесінде 5716 бас ірі қара - 8369 бас қой сатылды.

Жәрменкеге күні бұрын әзірлік жасалып, үлкен той деңгейінде өткен. Оған күйші анамыз Дина Нүрпейсова талай шақырылып, өнер көрсеткен деген тарихи дерек көздері бар.

Яков Овчинников, оның балалары Автоном, Петр Бөкей Ордасы қазақтары мен сауда - саттық және мал тұқымын асылдандыру ісінде тығыз қарым -

қатынаста болды. Сламихин станицасындағы 6 - диірменде тартылған бидай ұнын Хан Ставкасының өзінде оның тұрғындарына азық - түлік сататын лавкаларды ұстады.



Овчинниковтар қазақ жылқысын көптеп асырап, оның санын арттыруда Бөкей қазақтарынан үйреніп, Дон жылқысымен будандастырылған - қазақ жылқысын асылдандырды және Қараөзен байлары С Тоқпасов пен Т.Кенжебековтен жылқы сатып алып - патша әскеріне жылқы өткізуді жөнге түсіріп жылқы зауыты статусына ие болды.

1891 жылы Сламихин станицасына Александров Гай арқылы орыс патшасының мирас қоры Цесарейвич Николай Романов келді. Оның мақсаты әскерге жылқы дайындаушы Овчинниковтардың жылқы табундарын көзімен көріп, бағасын беру.

Мәртебелі қонақты тиісті деңгейінде қарсы алудағы шаралардың бірі ретінде ат жарысы ұйымдастырылды. Аламан бәйгеде бірінші болып қазақ байы С.Тоқбасовтың "Төре" атты жүйрігі келеді, екінші жүйрік "Қазауыз" ол да қазақтікі, үшінші орынды Овчинниковтың "Қайраты" иеленеді. Қазақ жылқыларына Николай Романов жақсы баға беріп, сыйлық тапсырады. Сламихин станицасынан кері Александров Гайға аттанарда аса мәртебелі қонақ, жылқы зауытының иесі Овчинниковқа: "Сіздің бағымыңыздағы жылқыларға бір сын - мені екі сағат мерзім ішінде 90 шақырым қашықтыққа шалды ұпай арбаға

дара жегілген жылқыңызды көргім келеді" дейді. Намысты бермеу үшін Овчинниковтер, С.Токбасовтын "Төресіне" тоқтам жасап, жылқы иесіне 20 бас жылқы беріп, жүйрігін "Өз меншігім" деп алып - сыннан сүрінбей өтеді.

Шын мәнінде, қазақ жылқыны аса жоғары бағалап, оны баптап өсіріп керегіне жаратуда алдына ешкімді салмаған. Қазақтың мақтанышы жүйрік ат, тіпті дүниеге жаңа келген ұлын, қызын теңестіріп – құлыншағым деп аймалап-мәпелеген. Қазақ тілінде жылқының түр- түсі 350 ден асып түседі. Әлі күнге дейін билік басындағы ықпалды адамды халқымыз қадірлеп «Атқамінер» деп атайды.

Қосөзен – Қара, Сары өзендер алқабына келіп- қазақ жерін иеленген Сламихиндерді, Овчинниковтерді, Карповтарды байытқан дәулетке ие еткен қазақ жылқысы. Қазақ жылқысынан өсіруде бәсекелестікті білдіретін жәйттер көп. Орыс, қазақ байлары жие- жие жылқы жарысын өткізіп- отырған, жылқыға көп мөлшерде бәйгі тіккен сөйтіп, қазақ жылқысынан пұлын арттырып – Патша тарапынан қаржылай қолдау тауып әскерге жүздеп-мыңдап жылқы өткізген. Бірінші дүниежүзілік соғыс даласына 45 мыңға жуық қазақ жылқысы негізінен қазақ жерінің Батыс аймағынан алынған. Жылқылар орыс кавалериясына пайдалануына жөнелтілген. Олардың біразы Қосөзен аймағынан – қазақ, орыс байларынан алынған.

XX ғасырдың 50 жылдары көзі тірі қариялар орыс – қазақ өзара достастық қарым – қатынаста болғандығы туралы әңгімелеріне жүгінсек: Сол уақытта өмір сүрген, Жұмазия әже, Дауқара қария, Керей Әби. Ірі қазақ, орыс байларының малдарын баққандар осы қазақ, татарлар болды. Олар өз еркімен жалданып, еңбек етіп - тиісті ақыларын алып отырған. Ықтиярсыз, зорлықпен ешкім оларды жұмысқа тартпаған. Қазақтар мен казак – орыстары арасында болған қақтығыстар жөнінде мәлімет жоқ. Қазақтар: - Егорды- Жагор, Петрды- Петька, Федорды – Шодыр, Яковты – Жақып, Логашкинді – Лауашка, Мурзинді – Мырза деп қазақша атаған.

\*\*\*\*

1890 жылдан Овчинниковтер көптеген мекен жайлар сала бастады. Саяжайы

өзеннің арғы бетінде екі қабатты етіп зәулім етіп тұрғызды ( қазірге дейін сақталған ). Соған қатысу үшін өзен астымен өтетін үңгір жол күні-кешеге дейін жатты, қазір құлады. Сламихин станицасынан 25 шақырым жерде “Николай аула” деген мекен бар. Бұл сол байдың жазда жылқыны таңбалап, мал санайтын орны болған. Овчениковтардың Янайкин бастаған қолорақшылар тобы (қазақтарға) жазда пішен шауып мал азығын жинапты. Сол жерді қазақтар “Жабайкин” деп атап кеткен. Жабайкинге таяу “Тоғызкебен” көлі осы сол кезде осы есеімге ие болған. (бұлардың барлығы да қазіргі Қараөзен ауылдық округінің аумағы)

Жалпақтал ауылы тарихи ескерткіштерге бай ауыл. Мұнда әскери госпитал, Покров Церковы, Қожантай мешіті, қызыл кірпіш шығаратын зауыты болған. Кірпіш зауыты салынғанша 150 нарға артып кірпішті Алтайдан тасыған. Овчениковтердің 1895-1905 жылдары салдырған ғимараттары әлі күнге дейін, халық игілігінде. Ал орыс шіркеуі асыра сілтеу кезінде (XX ғасырдың 30-шы жылдары) құлатылды, дегенмен сол уақыттағы фотосуреті К.Меңдәлиев атындағы ОЖББ мектебінің мұражайында сақталуда. 1890 жылы Қожантай деген бай мұнара мешіт салдырған. Бұл мешіт 1895 жылы пайдалануға берілген. Оның мұнарасы құлатылып, кейін бірнеше жыл Фурманов аудандық Мәдениет үйі (1937-83) болса, кейін аудандық мұражай (1988-95) болды. 1995 жылғы 27 наурыз күні есігін айқара ашқан мешітті жеке кәсіпкер Айдос Сәрсенғалиев 2013 жылы өз жеке қаражаты есебінен 15 метрлік екі мұнарасын қайтадан қалпына келтіріп берді.



Қожантай мешіті 1890 ж



Сламихин станицасындағы  
Покров церковы 1896

Станицада почта, телеграф, медпункт жұмыс жасады. 1904 жылы күйдірілген кірпіштен алғашқы үй тұрғызылды. Бұған дейінгі үйлер құмнан , саздан тұрғызылып сырты тақтаймен қапталды. 1910 жылғы 2 мамыр күні Сламихин тұрғындары көшеде бұрын соңды көрмеген атсыз арбаны яғни машинаны таңғалып тамашалады.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында Овчиниковтар Орал қаласында тұрды. Автоном Овчеников , Петр Овчеников олардың ұрпақтары қоғам мен халық пен жалпы ауыл-ел мен тығыз байланыста болды.

Автономның 14 баласы, жеті ұл , жеті қызы болды. Ол революция, азамат соғысы жылдарында қазақ ауылдарын паналап жасырынды. Оған пана болып – көмек берген Хатип Иззанов – белгілі суретші Сәкен Ғұмаровтың атасы. 1921 жылы Автоном Оралда ауруханада ауыр науқастан қайтыс болды.

Петр Овчинниковтың ақыры жөнінде бірнеше болжам бар. Ол мал сатып алу үшін ел аралап жүргенде біреулер оны бауыздап өлтірген. ( 1918 ж ) Ал басқаша болжамда – ол Саратовтан тауарлар алып келе жатқанда поездда заттарын иемденіп, өзін өлтірген деген екі ұдай пікірлер бар.

\*\*\*\*

1917-1921 жылы қан-құйлы азамат соғысы Жалпақталды да шарпыды. Дүние төңкеріліп түсті. Жинаған мүлік, баққан мал талан-таражға түсті. Кешегі бай пақырға айналып кедей басқа шықты. Бұл қасіретті Жалпақталдықтар да бастан кешірді.

Ағайынның бірі қызыл, бірі ақ болып шайқасты, қан төгілді, жаға жыртысты дала өртеніп, мал азнады. 1919 жылғы наурыз айында Азамат соғысының ала - сапраны Жалпақтал өңіріне де келді. В.И.Чапаев, Д.А.Фурманов бастаған қызыл әскер – Александров Гай арқылы Сламихин станицасын ақтардан азат етті. Бұл туралы Д.А.Фурмановтың “Чапаев” кітабында ( 1924 ж ) өте жақсы дәлме-дәл зерттеліп жазылды. В.И.Чапаевтың ерлігін асқақтатып көрсету мақсатында “Сламихин шайқасы” тақырыбы бойынша қырғын соғыс болғанын жазады.



Сламихин шайқасы (Понарама) 1919 жыл 10 наурыз

1919 жылдың 2 -ші жартысында большевиктік биліктің серкесі В.И.Лениннің қолы қойылған декрет шығып Алға – Эмба темір жолының құрылысы басталды. Қазақ жеріндегі Эмба өзені алқабындағы мұнайды Ресейдің орталығына жеткізуді көздеді. Ленин бұл құрылысты ең бірінші коммунисттік құрылыс деп атап қыс жағдайында құрылысты бастап кетуді талап етті. «Александр Гай» теміржол станциясынан бастау алған құрылыс Жалпақтал өңірінің аумағы арқылы темір жолды Эмбаға дейін жеткізіп, 1921 жылы аяқтау жоспарланды.



Алға – Эмба теміржолы (Сламихиннан 2 шақырым) 1921 ж

Аштық індет әбден титығына жеткен 4 армия бұл құрылысты әрі қарай жалғастырудан босатылып, жол құрылысына жергілікті халықты мобилизациялауға ұйғарым алынды. Қараөзеннің « Байтұрған» тұсында ағаш көпір салынып 1921 жылың көктемінде жол – Сламихинге екі шақырым тұсқа



жетіп, жүк поезбен адам тасуға кіріседі. Релістердің табанына топырақ төсеп оны сай сала тұсында биіктету қазіргі Жанақала жеріндегі Жаңаталапқа (Көпжасар) дейін жеткізілді. Қазірде сол сақталған, топырақ үйінділері астында, құрбандыққа ұшыраған құрылысшылардың да сүйіктері жатқан болар. Құрлыс қаржы тапшылығы және жұмыс қолының жетіспеуінен 1921 жылы тоқтап – аяқсыз қалды.

\*\*\*\*\*

Оқиғалар тізбегін жалғастырсақ: Қараөзен - Жалпақтал өңірін – баршаны жерге қаратып аштықпен жоқшылыққа ұшыратқан 1928 жылдан бастаған еріксіз ұжымдастыру. Төрт – түлік малдың иелерінің бірі бай, бірі кулак деп айыпталып – малын, мүлкін тартып алып өздерін жер аударып, көздерін жойды.

Нәтежиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан ру ішіндегі ауқатты адамдардың дәулеті барша ағайынның жансақтар нәпәқасы болған үрдіс үзілді.

Жалпақталдықтарға ең зардапты соққы 1928 жылдардағы қуғын – сүргін қазір олардың көбінің есімдері жадымызда сақталмаса да «Еділбай» «Мамай бөгеті» «Байжиен» «Байтұрған» жер - су аттары кезінде бұл алқапта табын-табын жылқы, гурта – гурта ірі – кара, отар – отар қойлардың иелерінің болғандығын сипаттайды.

**Миржан Қарабалин,  
Казталов аудандық БЖТЖЭО-нің «Өлкетану»  
бөлімінің меңгерушісі.  
Бейбіт Мұқанов,  
Жергілікті өлкетанушы  
Жалпақтал ауылы  
Казталов ауданы.**